

Капитал нарығы

Жартыжылдық шолу

2025 жылдың 1-ші жартыжылдығы

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚАША ШОЛУ

2 АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Боротық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚАША ШОЛУ

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында АІХ Қазақстанда және кеңірек өңірде капитал тарту мен нарықтық инфрақұрылымды дамыту бойынша негізгі платформа ретіндегі рөлін нығайтты. Сауда айналымы \$729 млн жетіп, жаңа листингтердің саны екі есеге жуық артты. Бұл эмитенттер мен инвесторлар тарапынан сенімнің сақталып отырғанын көрсетеді. АІХ платформасы іске қосылған сәттен бастап \$8,9 млрд (қарыздық және үлестік құралдар) көлемінде капитал тартылды, ал АІХ-тің Ресми тізіміне 301 бағалы қағаз енгізілді.

САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасы жыл басынан бері рекордтық \$2 млрд айналымға жетіп, сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті.

\$729
млн

\$729 млн

2024 жылдың дәл осы кезеңіндегі \$707 млн-мен салыстырғанда (+3,2%).

\$3,2 млрд

АХҚО биржасы іске қосылған кезден бергі жиынтық көлем

ТАРТЫЛҒАН КАПИТАЛ

6 айдың ішінде тартылған капиталдың жалпы көлемі \$1,9 млрд-қа артты.

\$1.9
млрд

\$1.7 млрд

2025 жылдың екінші тоқсанында тартылған капитал

\$8.9 млрд

АХҚО биржасы іске қосылған сәттен бастап тартылған капитал

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР ТІЗІМІ

АХҚО биржасының ресми тізімінде 165 эмитентке тиесілі 301 құнды қағаз тіркелген.

301
ЛИСТИНГ

+86 листинг

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында

+44 листинг

2024 жылдың дәл осы кезеңінде

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2025 жылдың 2-тоқсанының соңында Қазақстанның 2,2 млн-ға жуық азаматының AIX CSD-де инвестициялық шоттары болды. AIX-тің сауда мүшелерінің саны 55-тен 56-ға өсті, оған Қазақстан, Қытай, Еуропа және Таяу Шығыс брокерлері кіреді. 2025 жылдың басынан бері 5 жаңа брокер қосылды.

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР

2,2 млн

бөлшек инвесторлар

+84 мың

2025 ж. 2-тоқ. жаңа
бөлшек инвесторлар.




Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.

САУДА МҮШЕЛЕРІ

56

сауда мүшесі



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX


2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) – қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс. AIXQI индексінің мәні жыл басынан бері 0,13%-ға өсті және 2025 жылдың 2-тоқ. жағдай бойынша рекордтық 1 566 тармақты құрады.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы қарашадағы акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

Жыл басынан бері биржа рекордтық \$729 млн айналымға жетіп, сауда-саттық көлемінің айтарлықтай өсімін көрсетті. Жалпы, АІХ іске қосылған сәттен бастап сауда айналымы шамамен \$3,2 млрд құрады. Компанияның нарықтық капитализациясы сәл өсті және \$82,1 миллиардты құрады.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$3,2 млрд

2025 жылғы 2-тоқ.
сауда-саттықтың
жиынтық көлемі

\$541 млн

2025 жылғы 2-
тоқ. сауда-саттық
көлемі




Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.

НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$82,1 млрд

Нарықтық
капиталдандыру



Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2025 жылдың 2-тоқ. акциялардың екі жаңа листингі тіркелді, нәтижесінде жыл басынан бері жаңа акциялар листингтерінің жалпы саны 23 болды. АХҚО биржасында сатылатын акциялардың көлемі \$56,6 млн құрады, ал жыл басынан бері жалпы көлемі \$94,2 млн болды. Бұл инвесторлардың белсенді қатысуын және платформаның өтімділігінің артып келе жатқанын көрсетеді.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

23

Листингтердің
жалпы саны




Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.

САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$56,6 млн

2025 жылғы 2-тоқ.
акциялар сауда-
саттығының
көлемі




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.

ҮЗДІК АКЦИЯЛАР

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК АКЦИЯЛАР

Kazatomprom



ҚазМұнайГаз



Банк ЦентрКредит



Halyk Bank




Kaspi.kz




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


ҚазМұнайГаз




Solidcore




Air Astana



Kazatomprom



Halyk Bank



* Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2025 жылдың 2-ші тоқсанында борыштық міндеттемелер листингтерінің саны да, АХҚО биржасында эмитенттердің саны да өсті: 37 жаңа листинг тіркеліп, олардың жалпы саны бірінші жартыжылдықта 75-ке жетті. АХҚО биржасында 2025 жылғы 2-тоқсандағы борыштық міндеттемелермен сауда-саттық көлемі \$484,3 млн құрады, ал жыл басынан бері өсім \$634,8 млн болды. Биржа құрылған сәттен бастап қарыздық құралдармен жалпы сауда көлемі \$2,3 млрд-қа жетті.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

240

Борыштық бағалы қағаздар листингтерінің жалпы саны

+37

2025 ж. 2-тоқ. листингтер




Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.

САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$484.3 млн

2025 ж. 2-тоқ. сауда-саттық көлемі



Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі \$1,9 млрд-қа ұлғайып, \$8,4 млрд құрады. Салалар бойынша инвестициялардың бөлінісі шамалы өзгерді, әлі де мынадай бағыттар: инвестициялық қызмет, мұнай және газ және мемлекеттік бағалы қағаздар әлі де көш бастап тұр.


БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

\$8,4 млрд

Жалпы борыш есебінен тартылған капитал


\$1,9 млрд

2025 ж. 2-тоқ. тартылған борыштық капитал




Борыштық капитал – бұл компанияларинвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.

САЛАЛАР БОЙЫНША БӨЛІНІС



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

2024-2025 жылдардағы корпоративтік облигациялар кірістілігі



Теңгедегі (KZT) облигациялар
USD/EUR облигациялары

— АҚШ федералдық қорларының тиімді мөлшерлемесі
— Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі

*АҚШ Федералдық резерв жүйесінің Басқарушылар кеңесі

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТARTY

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Қарымсақов Тимур
Деректер және Салалық аналитикасы департаментінің
бас жетекшісі
- Бахазатханова Аружан
Деректер және Салалық аналитикасы департаментінің
бас менеджері
- Сәрсен Бердібек
Деректер және Салалық аналитикасы департаментінің
менеджері

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aix.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

